

шығыс № 24-08/43
11.06.2024ж

Қордай ауданының
әкімі Б.Болатбековке

Құрметті Бегзат Сейсенқұлұлы!

Аудандық Қоғамдық кеңестің 2024 жылдың бірінші жартыжылдығына арналған жоспарына сәйкес Масаншы – Сортөбе ауылдық округтерінің үстіміздегі жылдың 5 айында атқарған жұмыстарына ішінара зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Масаншы ауылдық округі бойынша:

Жалпы, Масаншы ауылдық округінде үш елді мекен бар: олар Масашы ауылы, Күнбатыс-1 және күнбатыс-2 ауылы. Осы елді – мекендерде жалпы халық саны 20465 адам, оның ішінде Масаншы ауылында – 19276 адам, Күнбатыс-1 ауылында – 339 адам, Күнбатыс-2 ауылында – 850 адам. Тіркелген кәсіпкерлер саны – 52, шаруа қожалықтары – 109, экономикалық белсенді халық саны – 10544, оның ішінде жұмыспен қамтылғандар – 10544, жұмвссыздар – 20, зейнеткерлер – 1467.

Бюджеттің атқарылуы. 2024 жылға арналған салық төлемдерінің барлық түрлерінен түсетін түсімдер жоспары 91815 мың теңгені құрайды. Іс жүзінде 1.06.2024 жылға 85599 мың теңге түсті, 93,0% орындалды. Жұмыс жалғасуда.

Ауылдық округтердегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің және ақпараттық жүйелердің қызметі

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңның 5 бабының 2 тармағының 6) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыруға, сондай-ақ мүгедектермен қарым – қатынас жасау дағдыларына үйретуге міндетті.

Мекемеде мемлекеттік қызмет көрсету жауапкершілігі ешкімге жүктелмеген, мүгедектермен қарым-қатынас жасау дағдыларын үйренгендігі жөнінде дәлелді құжаттар жоқ, мүгедектігі бар азаматтарға қолайлы орта жасалынбаған.

Мемлекеттік қызмет көрсету жұмыс мерзімі, түскі үзіліс мезгілі көрнекі жерде ілінбеген.

Көрсетілетін қызметтер бойынша қызмет алушыларға қажет құжаттар тізбесі мен көрсетілу тәртібі және электронды мемлекеттік қызметтер көрсетуді ақпараттандыру туралы мақалалар жарияланбаған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша Қағидалардың қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіні, өтініш үлгісі ілінбеген.

Мүгедектігі бар азаматтарға қолайлы орта құру. Мүгедектігі бар азаматтарға қолайлы орта құрылмаған; көру қабілеті бұзылған мүгедектер үшін есік сары түспен белгіленбеген, кіре берісте дыбыстық маяк бар, қызмет көрсететін орынға ақпаратты жүгіртпе жолы орнатылмаған, мекеменің сыртындағы тактильді жолдың бояуы ескірген, пандус толық бітпеген, тұтқалар орнатылмаған. Браиль қарпімен мекеменің атауы жазылмаған, санитарлық бөлме жоқ, мүгедектігі бар адамдарға тиісті жағдай жасалмаған.

Әлеуметтік маңызы бар азық – түлік бағасын тұрақтандыру. Масаншы ауыл округіндегі «Нұрали», «Халық», ИП «Ибрагим», «Райхан», ЖК «Косбаулиева» дүкендеріндегі әлеуметтік маңызы бар азық – түлік бағасын тұрақтандыру бойынша атқарылған жұмыстарға зерделеу жүргізілді.

Зерделеу барысында тек ЖК «Бақаева Салтанат» №777 дүкені ғана жұмысын заң талаптарына сәйкес жүргізілетіндігі анықталды.

Жоғарыда аталған дүкендердің барлығы кассалық аппаратсыз жұмыс істеуде, тұтынушыларға чек түбіртегі берілмейді, сөредегі тауарлардың 40 пайызында баға көрсеткіші жоқ, жүк құжаттары жоқ.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы. 2023 жылдың 16 қарашасындағы жағдай бойынша «Отбасылық сандық карта ақпараттық жүйесі» бойынша міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша 4842 адам еңгізілмеген.

Бүгінгі күнге, яғни 1.06.2024 жылы 4841 болып отыр, немесе 1 адам ғана жарна төлеген, қазіргі кезде 46 студеденттің Қырғызстан Республикасында оқитындығы анықталған, бірақ жалпы тізімнен алынып тасталмаған, сондай-ақ жалпы тізімнің ішінде 50 жеке кәсіпкерлердің бары анықталған, бірақ жарнаны бірде төлеп, бірде төлемеу себебінен жалпы тізімнің қатарында тұр.

Аталған ауыл округінде бұл мәселе бойынша нақты белсенді жұмыстар жүргізілмеуде, тізімдегі адамдардың мәртебесін анықтау жұмыстары енді басталған.

Бұл жүйенің негізгі мақсаты – өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды көлеңкеден шығару, яғни ауыл округ әкімдері бұл бағытта белсенді жұмыс атқаруға тиіс. Бұл міндет орындалмаса МӘМС жүйесі жүзеге тиісінше аспайды, яғни өз бетімен табыс тауып жүрген азаматтар медициналық қорға ақша аудармайды, тиісінше бюджетке табыс салығы да түспейді деген сөз. Бұл жағдай ауыл тұрғындары жарналардың мөлшеріне қарамастан медициналық көмекті қажетті мөлшерде алу құқығымен пайдалана алмайды деген сөз.

Ауыл округінде көгалдандыру, тазалау жұмыстары әлі де жүйелі түрде жүргізу қажет етеді, сауда орындарында да санитарлық – тазалық жұмыстары өз дәрежесінде жүргізілмеуде.

Әскерге шақыру туралы жоспар 2024 жылдың I жартыжылдығына 20 адам, орындалғаны – 11, немесе 55%

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер зерделеу кезінде түзетілді, номенклатураға сәйкес папкалар рәсімделді, мекеменің ішінде тактильді жол орнатылды, мекеменің жұмыс кестесі көрнекі жерге ілінді.

Сортөбе ауылдық округі бойынша:

Жалпы, Сортөбе ауылдық округінде екі елді мекен бар: Олар Сортөбе ауылы, Бұлар батыр ауылы. Осы елді-мекендерде жалпы халық саны 25892 адам, оның ішінде Сортөбе ауылында – 21588 адам, Бұлар батыр ауылында - 4304 адам. Тіркелген кәсіпкерлер саны – 135, шаруа қожалықтары -116. экономикалық белсенді халық саны – 14541, оның ішінде жұмыспен қамтылғандар – 14488, жұмыссыздар – 53, зейнеткерлер – 1806.

Бюджеттің атқарылуы. 2024 жылға арналған салық төлемдерінің барлық түрлерінен түсетін түсімдер жоспары 69895 мың теңгені құрайды. Іс жүзінде 1.06.2024 жылға 34940 мың теңге түсті, 50,0% орындалды. Жұмыс жалғасуда.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңның 5 бабының 2 тармағының 6) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы жұмыскерлердің біліктілігін арттыруға, сондай-ақ мүгедектермен қарым – қатынас жасау дағдыларына үйретуге міндетті.

Мекемеде мемлекеттік қызмет көрсету жауапкершілігі ешкімге жүктелмеген, мүгедектермен қарым-қатынас жасау дағдыларын үйренгендігі жөнінде дәлелді құжаттар жоқ, мүгедектігі бар азаматтарға қолайлы орта жасалынбаған.

Мемлекеттік қызмет көрсету жұмыс мерзімі, түскі үзіліс мезгілі көрнекі жерде ілінбеген.

Көрсетілетін қызметтер бойынша қызмет алушыларға қажет құжаттар тізбесі мен көрсетілу тәртібі және электронды мемлекеттік қызметтер көрсетуді ақпараттандыру туралы мақалалар жарияланбаған.

Сортөбе ауылдық округі бойынша 2024 жылды 5 айында атқарылған жұмысын зерделеу барсында ауылдық округ бойынша салық түрлерінен барлығы 69 895 000 теңге қаражат түсу жоспарланған. Бүгінгі күнге жеке салық бойынша 9 564 000 теңге түскен, жоспар бойынша 12 500 000 теңге, яғни 77% орындалған. Мүлік бойынша салық 1 169 000 теңге түскен, жоспар бойынша 2 255 000 теңге, яғни 50 % орындалған. Көлік бойынша салық 62681500 теңге түскен, жоспар бойынша 50582000 теңге, яғни 134 % орындалған. Бірақ біріншіден осы қаражаттың былтырғы жылмен салыстыру кестесі жасалмаған. Екіншіден жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық пен төлемкөзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша түсімдері аз. 2023 жылы жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық 13880000 мың немесе 100 пайызға, төлемкөзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы 5950000 мыңға немесе 140 пайызға ғана орындалған, мүлік салығы 2 255 000 теңге жоспарланып, 100 пайыз орындалған.

2023 жылы қарағанда 2024 жылы жеке тұлғалардан ЖТС салынатын салық аз жоспарланған, мүлік салығында өсім жоқ. Ауылдық округтегі тұрғындар санының жыылдан жылға өсіп келе жатқанын ескерсек, салықтан түсетін түсім аз жоспарланып, орындалуы төмен деген қорытынды жасауға болады.

Округте Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық келісім кеңесі ережесіне сәйкес 2024 жылға арналған жоспары мен құрамы бекітілген. Жыл басынан бері аталған қоғамдық келісім кеңесі жоспарға сәйкес отырыстар өткізген.

Ал жергілікті қоғамдық қауымдастықтың өткізген отырыстарын, құрамын көре алмадық. Тек бюджет жоспарлау кезіндегі 2023 жылғы желтоқсандағы №7, 2024 жылдың қаңтарындағы №1 хаттамасын көрдік. Хаттама талапқа сай толтырылмаған, қатысқандар саны, даус бергендер саны сөйлеушілер, тыңдалғандар көрсетілмеген. Отырыс өткізуге кворум болмаса да отырыс өткізілген, өздерінің айтуы бойынша қауымдастықта 30 адам бар, қатысып, қол қойған 7 ғана адам. Ал кейбір мүшелері қол қоймаған.

Округте әйелдер кеңесінің жұмыс жоспары, құрамы бар болғанымен өткізген отырыстары туралы мәлімет жоқ.

Сортөбе ауылдық округінде 5 мемлекеттік, 2 жеке меншік білім ошағы, 2 мемлекеттік, 3 жеке меншік балалар бақшасы, 1 колледж филиалы, 1 ауылдық дәрігерлік амбулаторияс бар. Абаттандыру, көгалдандыру жұмыстары жүргізілген.

Алайда ауыл ішін көгалдандыру, тазалау жұмыстары көңіл көншітердей емес, көшесі бойында үй сыртына үйілген, шашылған қоқыстар бар. Сауда орталықтарында да абаттандыру, көгалдандыру, санитарлық тазарту жөніндегі жұмыстар ақсап тұр. Сонымен қатар, сауда орталықтарының ешқайсысында кассалық аппарат жоқ, фискальді шек берілмейді. Сауда тек Каспий қосымшасына аударым арқылы немесе қолма қол төлем арқылы жүреді.

Сондықтан алдағы уақытта округте жұмысты жетілдіру бойынша округ әкіміне ауқымды жұмыстар атқару міндеті тұр.

Мүгедектігі бар адамдарға қолайлы орта құру

Ауыл округінің ғимаратында көру қабілеті бұзылған мүгедектігі бар адамдар үшін әйнек есікке сары түсті белгілер орналастырылған, кіре берісте дыбыстық маяк жоқ, тактильді жол орнатылған, бірақ санторапка дейін толық жүргізілмеген, пандус бар, Брайль харпімен мекеменің аты жазылмаған.

Әлеуметтік мемлекеттік медициналық сақтандыру


2023 жылдың 18.11. 5626 адам болған, үстіміздегі жылдың 1.06.2024 жылы 5617 адамды құрады, 9 ғана адамға азайған, тізімді нақтылау жұмыстары баяу жүргізілуде, тізім бойынша тиісті мүддені мекемелермен жұмыстар жүргізілмеуде.

Әскери қызметке үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдық жоспар бойынша 25 адам жіберу керек еді, орындалғаны – 8.

Зерделеу жұмыстарының есебі бойынша аудандық Қоғамдық кеңес нақты шешім қабылдады.

Жоғарыда анықталған кемшіліктерге орай Сортөбе ауылдық округінің әкімі Р.Фушанлоның, Масаншы ауылдық округінің әкімі Х.Буларовтың тәртіптік жауапкершілігін қарауды ұсынамын.

**Қордай аудандық
Қоғамдық кеңесінің төрайымы**

 **Б.Қарамолдаева**